

Өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жер үшін салық ставкалары туралы (шахталарды, карьерлерді және олардың санитарлық-қорғау техникалық және басқа аймақтарын қоса алғанда)

Күшін жойған

Алматы қалалық мәслихатының I сайланған XX сессиясының 1998 жылғы 23 маусымдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1998 жылғы 03 тамызда N 22 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған VIII сессияның 2004 жылғы 29 шілдедегі N 76 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған VIII сессияның 29.07.2004 N 76 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 113 бабының 3 тармағына сәйкес Алматы қаласының шегінде орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жер үшін салықты төмендетудің нақты көлемдері туралы (шахталарды, карьерлерді және олардың санитарлық қорғау, техникалық және басқа аймақтарын қоса алғанда) сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

Алматы қаласының Әкіміне қала шегінде орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауылшаруашылығы емес мақсаттағы жер үшін жер салығы ставкасының процентін төмендету туралы шешім қабылдау құқығы беріліп, ол I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының кезекті сессиясында бекітілетін болсын.

	<i>I</i>	<i>с а й л а н ғ а н</i>	<i>А л м а т ы</i>
		<i>қ а л а л ы қ</i>	<i>М ә с л и х а т ы</i>
<i>XX сессиясының төрағасы</i>		<i>А.Бөлекбаев</i>	
	<i>I</i>	<i>с а й л а н ғ а н</i>	<i>А л м а т ы</i>
<i>Мәслихатының хатшысы</i>		<i>Ж.Төрегелдинов</i>	